

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ
Клиникаға кіріспе кафедрасы

ТАҚЫРЫП: СҮТ ҚОСПАЛАРЫНЫҢ
ЖІКТЕЛУІ. ЖАСАНДЫ СҮТ ҚОСПАЛАРЫН
ТАҢДАУ ШАРТТАРЫ.

Студент: Мамытов М.
Ермекұлы А.
3-036 ЖМФ
Тексерген: Аукенова Л.Б.

ЖОСПАР

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

- Жасанды тамақтандыру
- Сүт қоспалары
- Жасанды сүт қоспаларын таңдау шарттары
- III.Қорытынды




IV.Пайдаланған әдебиеттер



КІРІСПЕ

- XIX ғасыр аяғына дейін әйелдер балаларын тек өзінің сүтімен емізген. XX ғасыр басында сүт орнына әр түрлі жасанды қоспалар әзірлене басталады. Зауттар, фабрикалар өсіп, жарнамалар қолданылды. өндірушілерге бұл өте түсімді іс болып шықты. өндірушілер «балаға ана сүтінен гөрі арнайы балалар тағамдары пайдалы» деп, клиникалар және ауруханалар үшін шығарылатын ана сүтін алмастыраушы қоспалардың жарнамалық плакаттарын көзге шалынатындай, ашық түсті бояуларды қолданып, жасайтын болды.





- Емшек емізіп асырауды артықшылығы әйел сүті мен мал сүтінің физико-химиялық айырмашылығында ғана емес, әйел сүтінің сапасы мен биологиялық ерекшеліктерінде. Құрамындағы белок, май, көмірсу ара-қатынасы ас қорыту мен органикалық және бейорганикалық ингредиенттердің сіңуіне өте қолайлы жағдай жасайды, сондықтан әйел сүті 1 жасқа дейінгі сәбилерге ең жақсы тағам.





- Түрлі себептермен ана сүті сәбиге жеткіліксіз болған кезде немесе басқа тамақ (прикорм) беруге ерте болса (4,5-5 айға дейін), сәбиге жасанды сүт қоспаларын беруге тура келеді. Сәбиге емшек сүтімен қатар жасанды қоспаларды беруді аралас тамақтандыру деп атайды.
- Анасында сүт мөлшері жеткіліксіз болғанда және басқа жағдайларда балалардың біршама бөлігі аралас және жасанды тамақтануға көшіріледі. Егер бір жасқа дейінгі баланың қорегінде ана сүті мүлдем болмаса немесе тәуліктік рационында ол $1/5$ бөліктен төмен болса жасанды тамақтандыру деп түсіндіріледі



- Баланы аралас немесе жасанды тамақтандыруға көшірудің негізгі көрсеткіші гипо- немесе агалактия болып саналады.

Г и п о г а л а к т и я. Гипогалактиянің дәрежелері:

- I д. – 25% дейін сүт мөлшері азаю,
- II д. – 25%-50% дейін сүт мөлшері азаю,
- III д. – 50%-75% дейін сүт мөлшері азаю, осы үш дәреженің нәтижесі табиғи тамақтандырудың нәтижесіне жақын болып тұр.
- IV д. – сүт мөлшерінің жетіспеуі 75% және одан жоғары, сондықтан оның нәтижесі жасанды тамақтандырудың нәтижесіндей



СҮТ ҚОСПАЛАРЫ

- Сүт қоспалары бейімделген және бейімделмеген қоспалар болып бөлінеді. Бейімделген қоспалардың құрамы «ана сүтіне ұқсас». Оларға «Малютка», «Малыш», «Детолакт», «Витолакт» т.б.жатады. Бейімделмеген қоспалар қарапайым және қышқыл болып бөлінеді. Қарапайым қоспаларға сиырдың сүті, «Крепыш», «Здоровье», ал қышқыл қоспаларға айран, биолакт, «Балдырған» жатады



- Сүт қоспасы таза, сүтінің майлылығы 3,5% көмірсу мөлшері 4,0-4,5% кем болмауы керек. Тернер бойынша қышқылдығы 20% және 8,5% құрғақ қалдығы болу керек. 1 мл сүтте бактериялардың жалпы саны 50000-нан аспайды, ішек таяқшасының титрі 1:10, патогенді және шіру бактериялары болмау керек. Осындай сүтті кепілдемелі сүт деп атайды.
- Олар сиыр сүтін сұйылту арқылы ерекшеленеді. Сапасы жағынан бейімделген (адаптацияланған) қоспалар ана сүтіне жақын, оның құрамындағы сиыр сүтінің ақуызы алдын ала өңделген және оған қанықпаған май қышқылдары бар өсімдік майы, дәрумендер, минералды тұздар қосылған. Бейімделген қоспалар сапасы жағынан бейімделмеген құрамындағы алдын-ала өңделген ақуыздың жақсы сіңуімен ерекшеленеді.



- Бейімделген қоспаны майсыз сиыр сүтінен арнайы технологиялық өңдеумен жасайды, оған сонымен қоса декстрин-мальтоза, дәрумендер, темір, лимон қышқыл тұздарын, өсімдік майын, кілегей, ұн және қант қоспаларын енгізеді. Аталған қоспалар негізгі тағамдық нутриенттердің сапалық құрамы бойынша және алмастырылмайтын тағам факторларының ерекшеліктері бойынша нәрестенің ас қорту қызметі мен зат алмасуының негізгі ерекшеліктеріне бейімделген. 100 грамм ішінде қалпына келтірілген бейімделген қоспалардың ішінде ана сүтіне қарағанда ақуыз, кальций, темір фосфаты, қанықпаған май қышқылдары көп мөлшерде болады.





□ Үстеме тамақты беру ережелері

1. Бала емшек еміп болғаннан кейін беріледі, оның мөлшері баланың емшектен еміп алған сүтінің көлеміне байланысты.

2. Үстеме тамақты 37-380С-қа дейін жылыту керек.

3. Қасықпен берген жөн, ал шөлмекпен берілсе, емізiктің тесігі кішкене болуы керек.

Қолдан тамақтандыру

Егер ЖТБ-ның анасының сүті мүлдем жоқ болса, немесе баланы емізуге болмайтын болса, баланы сүт қоспасымен қоректендіреді.

Аралас және қолдан тамақтандырылатын балалар бейімделген сүт қоспасын алса, оларға шырындар, қосымша тамақ уақтында беріледі. Ал егер бейімделмеген қоспамен қоректендірілсе-шырындар, жұмыртқаның сарысы, қосымша тамақтар 2-3 апта ерте беріледі.



ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Скосарев И.А., Рахметова Г.Ш., Кузгибекова А.Б. Особенности питания детей первого года жизни. Караганда, 1999 г.
- Хабижанов Б.Х. Хамзин С.Х. Педиатрия. Алматы, Білім, 2005.
- Б.Х. Хабижанов Балалар аурулары. А.; 1987 ж.

